

Оқу дайындығын анықтайтын тест
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

Сыни ойлау


1.

2А	3В	3С
2т	3бц	3300кг

А, В, С шамаларын салыстырғанда

- A) $B < C < A$
- B) $C < B < A$
- C) $A < B < C$
- D) $A < C < B$
- E) $B < A < C$

2.



А, В - бүтін сандар және $m = \frac{A}{B}$, $n = A + B$ болса, А және В шамаларын салыстырғанда

- A) $n \leq m$
- B) $n \geq m$
- C) $n = m$
- D) $n > m$
- E) $n < m$

3. $a = \frac{4165}{100}$ және $b = \frac{4956}{1000}$ берілген.


Шамаларды салыстырыңыз

- A) $a = 10b$
- B) $a = b$
- C) $a > b$
- D) $a < b$
- E) $a \leq b$

4. Бірінші шаршының қабырғасы 4 см, екінші шаршының қабырғасы 3 см. Ауданы екі шаршының аудандарының қосындысына тең болатын үшінші шаршының қабырғасы

- A) 8 см
- B) 7 см
- C) 4 см
- D) 5 см
- E) 6 см

5.



Боялған текше (куб) 125 текшелерге бөліктеп кесілген болса, 3 жағы да боялған текшелердің санынан екі есе артық сан

- A) 10
 - B) 20
 - C) 8
 - D) 6
 - E) 16
6. Шаршының қабырғасы a –ға тең. Оның қабырғасын екіге арттырған кездегі ауданын бастапқы ауданға қосқандағы мәні
- A) $a^2 + 2a + 4$
 - B) $a^2 + 2a$
 - C) $a^2 + a$
 - D) $2a^2 + 4a + 4$
 - E) $2a^2 + 2a$
7. $a - 2b = 6$, $a + 2b = c$ белгілі болса, c белгісізінің b белгісізі арқылы өрнектелуі
- A) $c = 6 + 2b$
 - B) $c = 6 + b$
 - C) $c = 6 - 2b$
 - D) $c = 6 + 4b$
 - E) $c = 6 - 4b$
8. Егер ойлаған санды екі еселеп, оны 146-ға қосып, шыққан мәнін 2-ге бөліп, 73-ке азайтса, жауабы 15 болады. Ойлаған сан
- A) 16
 - B) 17
 - C) 15
 - D) 13
 - E) 14

9. $\frac{1}{x} = 4$ болса, $9 - \frac{5x^2+1}{7x^2}$ өрнегінің мәні

- A) 6
- B) 1
- C) 3
- D) 5
- E) 0


10. Жазыңқы бұрыш бірдей 6 бөлікке бөлінген. Бір бөліктен үш есе көп бұрышты жазыңқы бұрышқа қосса, қанша бұрыш шығатынын табыңыз

- A) 90
- B) 360
- C) 180
- D) 270
- E) 30

11. Екі қран ыдысты бірге 7 сағатта толтырады, осы ыдысты тек бірінші қран 8 сағатта толтырады. Ыдысты тек екінші қранмен толтыруға кетіретін уақыты

- A) 47
- B) 67
- C) 56
- D) 55
- E) 46


12.



Суреттегі x және y мәндерін салыстырғанда

- A) $x > y$
- B) $x \geq y$
- C) $x = y$
- D) $x < y$
- E) $x \leq y$

13.



Боялған бөліктің ауданы $12a$ болса, боялмаған бөліктің ауданы

- A) $21a$
- B) $36a$
- C) $17a$
- D) $27a$
- E) $24a$

14. Қант ұнтағынан кесек қант жасағанда ол өзінің $\frac{3}{7}$ массасын жоғалтады.

28 кг қант ұнтағынан жасауға болатын кесек қант салмағы

- A) 18
- B) 32
- C) 28
- D) 16
- E) 24

15.




Диаграмма көрсеткішінен мәліметтер медианасы

- A) 135
- B) 115
- C) 125
- D) 145
- E) 155

Аналитикалық ойлау

16. Мәтіндегі бос орынды толтырыңыз

... – жырау, ойшыл, Абылай ханның кеңесшісі болған.

- A) Бұқар
- B) Шортанбай
- C) Ақтамберді
- D) Махамбет
- E) Қазтуған

17. Мәтіндегі бос орынды толтырыңыз.

Шұбат түйе сүтінен ашытылады. Оның емдік қасиеті мол. Шұбат – асқазан, түрлі ішек ауруларына бірден-бір шипалы сусын. Шұбаттың ... тіл үйіреді.

- A) шипасы
- B) иісі
- C) емі
- D) қасиеті
- E) дәмі

18. Мәтіндегі бос орынды толтырыңыз

Көктерек – адам бойынан жаман ... жұлып алуда таптырмайтын ең күшті ағаш саналады. Ол үшін ағашқа арқаңызды тіреп, 15 минуттай тұрғаныңыз дұрыс.

- A) қасиетті
- B) энергияны
- C) сипатты
- D) мінезді
- E) әдетті

Бәйшешек, Запырангүл (лат. *Crocus*) – көп жылдық тамыр түйнекті өсімдік. Әлемде бұл гүлдің 80-ге жуық түрі бар. Қазақстанда Жоңғар Алатауында, Кетпен жотасында, Қаратауда өседі. Запырангүлдің Алатау бәйшешегі және Корольков бәйшешегі деген түрлері бар. Наурыз-мамыр айларында гүлдейді. Гүлдері түнге қарай және бұлтты күндері жабылып қалады. Бәйшешек пен Запырангүлдер – сәндік өсімдіктер.

19. Бос орынды толтырыңыз.

Бәйшешек – ... гүл.

- A) үйде өсетін
- B) сәндік
- C) бір жылдық
- D) түнде гүлдейтін
- E) бұлтты күні гүлдейтін

20. Мәтін мазмұнына сәйкес келетін ақпаратты таңдаңыз.

- A) Бәйшешек тек Қазақстанда ғана өседі.
- B) Запырангүл наурызда, бәйшешек мамырда гүлдемейді.
- C) Бәйшешек көктемде гүлдейді.
- D) Запырангүл – тек түнде ғана гүлдейтін өсімдік.
- E) Запырангүл бұлтты күндері жайқалып өседі.

21. Сұраққа жауап беріңіз.

Қандай өсімдіктің сексенге жуық түрі бар?

- A) Алатау бәйшешегі
- B) Кетпен жотасындағы бәйшешек
- C) Бәйшешек
- D) Жоңғар Алатауының өсімдігі
- E) Корольков бәйшешегі

Еуропалықтар ХІХ ғасырдың басында осындай ағаштарды алғаш көргенде, бұталарда шұжықтар өсіп тұр ма деген ойға қалған. Себебі ағашта өсіп тұрған жемістердің түсі мен ұзындығы 60 см, диаметрі 20 см, пішіні шұжыққа өте ұқсас келеді. Дегенмен бұлар шұжық емес. Бір қызығы, алғашында шұжық секілді болып көрінген жемістер жеуге жарамсыз және ешқандай пайдасы жоқ болып шықты. Шұжық ағашының ғылыми атауы – кигелия. Мәселен, аптап ыстықта бүкіл жапырақтары түсіп, қурап қалады да, күн салқындай бастағанда, жасыл көйлегін қайта киіп алады. Африкалықтар жемістен жылан уын қайтаратын, жараны жазатын дәрі-дәрмек дайындайды.

22. Мәтінде жауабы бар сұрақ қойылған қатарды табыңыз.

- A) Дәрі бастың ауырғанын қойдыра ма?
- B) Дәрі көздің көруін жақсарта ма?
- C) Дәрі жараны жаза ма?
- D) Дәрі аштық сезімді болдырмай ма?
- E) Дәрі ішек микрофлорасын қалыпқа келтіре ме?

23. Мәтін мазмұны бойынша ойды толықтырыңыз.

Шұжыққа ұқсас жемістің адамзат үшін пайдасы анықталды.

- A) жеуге жарамдылық
- B) үй маңында өсетін
- C) жапырақтары түсіп қалатын
- D) жараны емдейтін
- E) тез пісетін

24. Мәтіннен ағаштың жапырақтарының түсіп қалуының табиғи себебін анықтаңыз.

- A) дәрілегеннен
- B) жараны жазатындықтан
- C) аптап ыстықтан
- D) жемісін жегеннен
- E) күн салқындағаннан

Қазақ халқы нанды «ас атасы» десе, қытай, жапон, үнді халықтары күрішті дәл солай бағалайды.

Күріш – өмірді ұзартып, ағзаны қажетті заттармен қамтамасыз ететін пайдалы дақыл. Ол ішек жұмысын жақсартып, ағзадағы токсиндерді сыртқа шығарады. Күріш суы ағзаны көмірсумен қамтамасыз етіп, асқазан ауруын емдейді.

25. Мәтін бойынша сұраққа жауап беріңіз.

Асқазан ауруына не пайдалы?

- A) көмірсулар
- B) су
- C) күріш суы
- D) нан
- E) токсин

26. Сұраққа жауап беріңіз.

Қытай халқы бойынша ас атасы деп саналады

- A) нан
- B) күріш
- C) шай
- D) ет
- E) су

27. Мәтін мазмұнына сәйкес келмейтін ақпаратты белгілеңіз.

- A) Күріш өмірді ұзартады.
- B) Нан ағзадағы токсиндерді сыртқа шығарады.
- C) Күріш ағзаны қажетті заттармен қамтамасыз етеді.
- D) Күріштің суы ағзаны көмірсулармен қамтамасыз етеді.
- E) Ол ішек жұмысын жақсартады.

1-мәтін. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

2-мәтін. Күнделікті мәселелерді шешумен қатар, балалардың бәріне бірдей мүмкіндік туғызу үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Балаларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алуы керек.

28. Бірінші мәтіндегі бәрінен биік тұратын құндылықтар жүйесі

- A) табыс
- B) тіл
- C) білім
- D) өнер
- E) байлық

29. Екі мәтінге ортақ ойды табыңыз.

- A) қазақ тілінде оқу
- B) білім алу
- C) табысты болу
- D) ағылшын тілінде оқу
- E) орыс тілінде оқу

30. Екінші мәтінде қандай білім туралы айтылады?

- A) сапалы
- B) сапасыз
- C) нашар
- D) жаттанды
- E) қажетті